

**Қазақстан Республикасының білім және ғылым министірлігі  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті**



**Тақырыбы: «Тұлғаның өмір жолы және ұлттық бірегейлігі»**

Тексерген: Закарьянова Ш.Н

Орындаған: ЛГ К-1

# Жоспар:

1

**Кіріспе:**

2

**Негізгі бөлім:**

3

**1. Ұлттық бірегейлік**

4


**2. Ұлттық бірегейлік**

5

**Қортынды:**


Ұлттық бірегейлік  
Жаһандану бүгінгі таңда жалпы дүниежүзілік процесс болып табылады. Жаһандану кезеңінде Қазақстан өзінің ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін (идентичности) сақтап қалу мәселесі туындайды. Осы арқылы мемлекетіміз әлемдік ұйымдарда өз орнын сақтап, нығайта алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл дегеніміз жаһандану кезеңінің барлық жағдайларына көне бермеу керек, яғни Қазақстан тікелей өз даму стратегиясын жүргізуі қажет. Сонда ғана ұлттық және мемлекеттік бірегейлігімізді сақтап қала аламыз.





Тәуелсіздіктің қалыптасуы, ұлттық мемлекеттіліктің дамуы қоғамдағы біріктіру факторы болып табылатын салауатты ұлттық бірегейлікті қалыптастыруымен тығыз байланысты. Ол мемлекет территориясында тұратын барлық этностық топтар мүдделерінің теңқұқылығын қамтамасыз ететін мемлекеттік саясатқа едәуір ықпал ете алады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының ұлттық-мемлекеттік құрылысында екі бағыт айқын анықталды. Бірақ оларды зерттемес бұрын, біз «ұлт», «этнос» және тағы басқа ұғымдардың мәнін және мазмұнын ашып, анықтап алуымыз керек.



**РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ**



Қазақстан 2050  
**МӘҢГІЛІК ЕЛ**



П.Сорокиннің пікірінше, ұлттың өзіндік сипаты әлеуметтік, мәдени жүйе ретінде келесі факторлармен анықталады:

- 1) мағыналар, құндылықтар мен нормалар, оларды жүзеге асыру үшін жүйе жұмыс жасайды;
  - 2) алдын ала жазылған және тыйым салынған реттегіштер, олар арқылы құндылықтар мен нормалар эмпирикалық әлемде объективті бола түседі;
  - 3) жүйенің жұмыс жасауы үшін қажет материалды құралдар (мекемелер, қару-жарақтар, қорлар және т.б.). Кез келген жүйе, сонымен бірге ұлт та «оны құраушы элементтердің іс-әрекет фрагменттерін зерттеумен шектелмеу тиіс»
- П.Сорокин ұлтты ерекше әлеуметтік жүйе ретінде санап, оның маңызды белгілерін көрсетеді.



Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасындағы ұлттық бірегейліктің бес деңгейін көрсетуге болады. Әр түрлі этностық топтардың ұлттық ұстанымдарын төмендегідей сипаттап, ұлт бірегейлігін зерттеушілердің кейбіреулері бұл жіктеумен келіседі:

Кейінгі уақытта саны азайып келе жатқан ұлттық, этностық әр түрлілікке мән бермейтін және өзінің де қай ұлтқа, этносқа жататынына назар аударғысы келмейтін адамдар. Бұл адамдар үшін ұлттық бірегейліктің маңыздылығы өте төменгі дәрежеде болып табылады.



Керісінше, кейінгі кезде саны көбейіп келе жатқан өз ұлтына, этносына баса назар аударып, оның дәстүрі мен тілін дамыту қажеттілігін үнемі еске салатындар.

Объективті себептерге байланысты оларды түсінсек те, кейде олардан келесі топқа жататындар шығуы да мүмкін.

Ұлттық «байбалам салушылар». Бұл саны жағынан аз топ өкілдері өз ұлтына қауіп төніп тұр деп сезініп, саяси күштер арқылы қорғаныс жолдарын іздейді.

Космополиттер, этникалық құндылықтардан жеке адами (жалпы азаматтық) құндылықтарды басым қоятын және мемлекеттік құндылықтардан ұлттық құндылықтарды басым қоятын азаматтық идеологияны жақтайтындар. Сондықтан бұл топ өкілдері алғашқы үш топтың кейбір элементтерін өзіне алған болып есептелінеді. Яғни ұлттық идеяға немқұрайлылық, азаматтық қоғамды ұлттарға сыйластықпен қарау және ұлтаралық қатынастарға мән бере отырып, ұлтты сақтап қалуды көксейді.

Бесінші топ — салауатты, нақты дамыған ұлттық бірегейлілік. Ол басқа этностардың, ұлттар мен ұлыстардың мүдделерін жақсы түсінетін, сол мүдделердің қанағаттануын қажет деп санайтындар. Ол өз негізінде жалпыұлттық идеяны иеленген, өз ұлтының жағдайын ойлайтын, оның ерекшелігін, мәдениеті мен тілін дамытуды көздейтін, ата-баба тарихына ізетпен қарайтындар. Бұл деңгей Қазақстандағы барлық этностық топтар өкілдерінің ұлттық ділдерінің бірігуіне жағдай тудыра алады



The background features a white central area with a black serif font. Surrounding this are various geometric shapes: pink and orange triangles, squares, and diamonds. Some shapes are solid, while others are outlined in purple or orange. The overall design is modern and colorful.

Назарларыңызға рахмет !